

мемлекеттік тіл деп те, ресми тіл деп те айтуға құқылымыз. Екіншіден, Қазақстан – бір ұлтқа, яғни қазақ ұлтына басымдылық берілген унитарлық мемлекет. Сондықтан да екі тілге бірдей мәртебе беру заңсыздық. Екі немесе үш тілге мемлекеттік мәртебе берушілік тәжірибе көрсетіп отырғандай федералдық мемлекеттерге тән. Үшіншіден, біздің конституциямызда да, тіл туралы заңымызда да Қазақстан Республикасының ресми тілі – орыс тілі деп көрсетілмеген, тек оның қолданылу аясы ғана айтылған. Демек, Қазақстанда орыс тілінің ресми тілі екіталай.

Бүгінгі таңда елімізде бәрімізді біріктіретін нақты бір идеология жоқ деп жүрміз. Мұндай идеология бар, ол – тіл. Бұл жөнінде де Қалтай ағаның керемет ойлары бар. Бұл оның «Идеология – тіл» атты мақаласында айтылады.

**Қорытынды.** Сөз соңында Қалтай ағаның мынадай бір керемет шешендік сөздеріне көңіл аударайық: Ой-жігердің өртімен кеткен Шоқан, ереуіл мен егеулі найзаға шақырған жыр дауылы Махамбет, кісенді ашқанымен қуғыннан құтыла алмаған Құрманғазы, жартастан жаңғырық естіп жаралы жүрекке жай таппай, күңірене сыр шерткен Абай, әуеніне аспандағы құс айналған Біржан мен Ақан осылардың бәрі елім деп еміреніп өтсе де, мезгілінде мерекелі мүшел тойын өткізу былай тұрсын, бас бостандығы мен ой азаттығының өзіне зар-зәру болып кетті. Бірақ олардың арманын арқалап халық қалды. «...Қазақ топырағы қашан да талантқа тапшы болып көрмепті. Біз білетін тарихта қазақ өнерінің бұлағы таяз тартқан кезең болды дегенді есіткен де, көрген де емеспіз. Сондықтан да болар, өнер атаулының өктем талант иелерін ту тұтып төбесіне ұстау оның әлімсақтан бергі ата дәстүріне айналған. Жаңа заман, жаңа уақыт, жаңа қауым бабалардың сол бір қасиетті үрдісінің ізін жоғалтпады, қайта ол дәстүрдің бұрынғыдан да гөрі салтанатын асырды» деген сөздерін бүгін Қалтай ағаның өзіне айтамыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Айтматов Ш. Менің Қалтай досым // Мұхамеджанов Қ. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 1-т. Пьесалар. Сахна сазы. Кинофильмдер туралы. – Алматы, Атамұра, 1998. – 320 бет.).

2 Тәжібаев Ә. Менің інім // Саңлақ. Қалтай Мұхамеджанов туралы естеліктер. – Алматы, Атамұра, 2004. – 280 бет.

3 Мұхамеджанов Қ. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 2-т. Пьесалар. Портреттер. Өнер жайлы ойлар.– Алматы, Атамұра, 1998. – 320 бет.

4 Мұхамеджанов Қ. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 3-т. Ой-толғаныстар, сұхбаттар, қолжазбалар. – Алматы, Атамұра, 1998. - 416 бет.

*Reference:*

1. Aitmatov S. Meniñ Qaltai dosym // Mūhamejanov Q. Tañdamaly şyğarmalar. Üş tomdyq. 1-t. Pesalar. Sahna sazy. Kinofilmder turaly. – Almaty, Atamūra, 1998. – 320 bet.).

2. Täjibaev Ä. Meniñ inim // Sañlaq. Qaltai Mūhamejanov turaly estelikter. – Almaty, Atamūra, 2004. – 280 bet.

3. Mūhamejanov Q. Tañdamaly şyğarmalar. Üş tomdyq. 2-t. Pesalar. Portretter. Öner jaily oilar.– Almaty, Atamūra, 1998. – 320 bet.

4. Mūhamejanov Q. Tañdamaly şyğarmalar. Üş tomdyq. 3-t. Oi-tolğanystar, sühbattar, qoljazbalar. – Almaty, Atamūra, 1998. - 416 bet.

МРНТИ 16.21.61

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.02>

Абдирасилова Г.Қ.,<sup>1</sup> Беркутбаева М.З.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

## СӨЗ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЭТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

### *Аңдатпа*

Сөз мәдениетінің негізі –тілдік норма. Сөз мәдениеті дегеніміз – «тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы,-дейді ғалым М.Балақаев. Демек, ғалым сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру қажет деген талап қойып отыр.

Қазақ тілінің сөз мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Қазақ тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту нормасы. Жазу және сөйлеу мәдениетінің қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы орны және оның орфографиялық ережелерді жүйелеу мәселелерімен байланысы қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттеліп келеді. Сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде тану, сөз мәдениетіне әлеуметтік көзқарасты қалыптастыру, сөз мәдениетін әлеуметтік ғылымдар мен ұлттық мәдениеттің ең басты тірегі ретінде бағалау, сөз мәдениетін ұлт мәдениетімен қатар насихаттау негізінде тіл мәдениеті дамиды.

**Түйін сөздер:** Сөз мәдениеті, тілдік норма, этикалық аспект, коммуникативтік норма, ұлттық әдеби тіл, тілдік құрылым, прагматикалық ауытқу

*Abdirasilova G.,<sup>1</sup> Berkutbayeva M.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> Kazakh National Women's Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan*

## ETHICAL ASPECT OF SPEECH CULTURE

### *Abstract*

The basis of word culture is the language norm. Speech culture is " the degree of reproduction, maturation of language techniques. In addition, he has not only kindness, literacy, but also the skills of accurate and correct application of language techniques, phonetic, spelling, orthoepic, morphological, syntactic, stylistic phenomena,-said M. Balakaev. Therefore, the scientist insists that it is necessary to correctly use words (lexical), correctly compose. Improving the speech culture of the Kazakh language is one of the requirements of national interest. A large sphere of culture of the Kazakh language is the culture of speech, the main regularity of its rise to a higher level is the norm of correct pronunciation. The role of writing and speech culture in the formation of the Kazakh literary language and its relationship to the problems of systematization of spelling rules is studied comprehensively in Kazakh linguistics. Language culture is developed on the basis of recognition of speech culture as national interests, formation of social attitude to speech culture, evaluation of speech culture as the main support of social Sciences and national culture, promotion of speech culture along with the culture of the nation.

**Keywords:** speech culture, language norm, the ethical dimension, the communicative norm, national literary language, language structure, pragmatic deviation

*Абдирасилова Г.К.,<sup>1</sup> Беркутбаева М.З.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> Казахский национальный женский педагогический университет,  
Алматы, Казахстан*

## ЭТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ КУЛЬТУРЫ РЕЧИ

### *Аннотация*

Основа культуры слова - языковая норма. Культура речи - это " степень размножения, созревания языковых приемов. Наряду с этим это не только достоинство, грамотность в использовании языка, но и навыки аккуратного и правильного применения языковых приемов, фонетических, орфографических, орфоэпических, морфологических, синтаксических, стилистических явлений, - отметил М. Балакаев. Поэтому ученый настаивает на том, что необходимо придерживаться норм: правильно употреблять слова (лексическая), правильно составлять (синтаксическая), правильно вырезать (морфологическая), правильно произносить (орфоэпическая), грамотно писать (орфографическая), эффективно использовать язык (лингвостилистическая). Повышение культуры речи казахского языка - одно из требований национального интереса. Большая сфера культуры казахского языка-культура речи, основная закономерность ее подъема на более высокий уровень - норма правильного произношения. Роль письменности и речевой культуры в формировании казахского литературного языка и его связь с проблемами систематизации орфографических правил всесторонне изучается в казахском языкознании. Развивается языковая культура на основе признания культуры речи как национальных интересов, формирования социального отношения к культуре речи, оценки культуры речи как главной опоры социальных наук и национальной культуры, пропаганды культуры речи наряду с культурой нации.

**Ключевые слова:** культура речи , языковая норма, этический аспект, коммуникативная норма, национальный литературный язык, языковая структура, прагматическое отклонение

**Кіріспе.** Сөз мәдениетінің негізі –тілдік норма. Сөз мәдениеті дегеніміз – «тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы,-дейді ғалым М.Балакаев [1, 115 б.]. Демек, ғалым сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиоластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру қажет деген талап қойып отыр.

Көрнекті ғалым М.Р.Львов сөз мәдениетін әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормаларын игеру және айтылымның мақсатына қарай тілдің көркемдеуші тәсілдерін тиімді қолдана білумен байланыстырады [2, 96 б.]. Яғни сөз мәдениеті, қарапайым тілмен айтқанда, ең алдымен ана тіліміздің иелігіндегі барша дүниеліктерді – тілдің

дыбыс жүйесін, оның ырғақ, әуездерін; сөзді оның мағыналық қырларын; сөздің тұлғалық құрылымдарын, оның жұрнақ, жалғауларын; сөз тіркесі мен сөйлем жүйелерін; тілдің стильдік құралдарын т.б. әдеби тілдің нормасына сай қолдана білу, дұрыс әрі бедерлі жұмсай білу дегенге саяды. [3, 7 б.]. Сонымен, сөз мәдениеті алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп дұрыс қолдана білу дегенді білдіреді. Ал дұрыс қолданудың негізі тілдік нормаға тірелетіні белгілі. Демек, сөз мәдениеті ғылымының да негізгі нысаны – тілдік норма. Тілдік норма инвариантты. Тілдік норма, нормальлық – сөз мәдениеті ғылымының базалық, негізгі тірек ұғымы. Ол кез-келген ситуацияға байланысты өзгере бермейді, тұрақты. Демек, сөз мәдениеті, біріншіден, ауызша және жазбаша сөз қолданыста тілдік норманың сақталынуы, сөздің коммуникативтік сапасының мақсатқа лайықтылығы, екіншіден, тіл деңгейлеріне қатыстылығы.

Ғалым Л.И.Скворцов сөз мәдениетін, бір жағынан әдеби тілдің нормаларын сақтау және екіншіден, нормальлық мәселесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы дей келе, оның негізгі құрылымдық компоненттеріне: дұрыстық және шеберлікті (мастерства) жатқызады. Б.Н.Головин пәннің 3 түрлі нысанын: «коммуникативное совершенство, совокупность знаний и умений, обеспечивающих целесообразное и незатрудненное общение, и область лингвистических знаний о речевой культуре» [4] дей келе, сөздің сапалық белгілерін атап көрсетеді. Оларға: сөз дәлдігі, сөз нақтылығы, сөздің түсініктілігі, анықтығы, әсерлілігі т.б. жатқызады. Сөздің әсерлілігі, түсініктілігі, дәлдігі т.т. бәрiнiң негiзiнде тiлдiк норма жататыны анық. Осыған орай норманың 3 түрі ажыратылады: тілдік, коммуникативтік және этикалық.

**Әдістеме.**Тілдік норма – этикалық және коммуникативтік норманы іске асырушы құрал. Сөз мәдениеті ғылымы, ең алдымен, сөзді әдеби тілдің нормасына сай дұрыс қолдануды талап етеді. Сонда әдеби тіл деген не, әдеби емес тіл болуы мүмкін бе деген сұрақтар тууы мүмкін. Әдеби тіл – белгілі бір қалыпқа түскен, диалектілермен қарапайым сөйлеу тіліне қарағанда, жалпыға бірдей міндетті және «дұрыс» қабылданған нормасы бар тіл. «Әдеби тіл – белгілі нормалары бар жүйелі тіл. Тілдің әдебиеті сол тілде сөйлейтін адамдардың баршасына түсінікті және олардың бір-бірімен ортақ қарым-қатынас құралының ең жоғарғы түрі болуы оның (сол тілде) орныққан жүйелі нормалары негізінде ғана жүзеге аспақ», – дейді ғалым С.Исаев [5].

Демек, әдеби тіл болуы үшін оның жалпыға ортақ *тілдік нормалары* болуы сөз мәдениетінің басты белгілерінің бірі. Сөз мәдениеті тек қана тілдегі «дұрыс – дұрыс емеспен» ғана шектелмейді, сонымен қатар ол тілдің қатынас құралы болу қызметімен де тікелей байланысты. Өйткені тіл – адамдардың бір-бірімен пікірлесу, ойын білдіру, түсінісу, сөйлесуін де қамтамсыз ететіні белгілі. Осыған орай сөйлеушінің әрбір жағдаятқа сай ойын түсінікті де әсерлі жеткізе білуі де маңызды. Демек, сөйлеушінің өз мақсатына қарай қажетті тілдік құралдарды дұрыс таңдап, оны тиімді пайдалана алуы сөз мәдениетінің қатысымдық аспектісі болып табылады. Студенттің оқу мерзімі кезіндегі негізгі әрекеті бір-бірімен қарым-қатынас жасау, ой бөлісу екені белгілі. Осыған орай студентке қатысымдық әрекетінің нормалары, оған қойылатын талаптар, оны сақтаудың маңызы, айтайын деген ойына қатысты тиісті сөзді тауып қолдану т.т. сөздің қатысымдық сапаларын игертудің, мәтін құрастырып, ондағы әр сөздің белгілі бір қызмет атқарып тұрғандығын, немесе мақсатсыз, орынсыз жұмсалып тұрғандығынан хабардар етіп отыру өте маңызы зор.

Сөз мәдениеті ғылымының негізін салушылардың бірі, көрнекті ғалым Г.О.Винокур: «Для каждой цели свои средства, таков должен быть лозунг лингвистически культурного общества» деп жазған екен [6]. Яғни қатысымдық мақсатқа лайықтылық – сөз мәдениетінің негізгі категорияларының бірі. Осыған орай сөздің (тілдің) *қатысымдық сапаларын* білу, оны сөйлеу кезінде ескеріп отыру маңызды.

Сөз мәдениетінің этикалық аспектісі белгілі бір жағдайға қажетті тілдік этикетті білу, оны орынды пайдаланумен байланысты. «Этикет» сөзі француз тілінде «совокупности правил поведения, касающихся отношения к людям» деген мағынаны білдіреді [7]. Яғни күнделікті өмірде жиі қолданылатын амандасу, қоштасу, ризалық білдіру, кешірім сұрау, құттықтау, көңіл айту т.т. сөйлеу этикетіне жатады. Ал сөйлеу этикетінің де өзіне тән нормалары мен ерекшеліктері болады. Оған мән бермесек, жылы шырай, жақсы қарым-қатынасқа жарықшақ түседі. Сондықтан сөйлеу этикетіне мән беру сөз мәдениеті ғылымының маңызды мәселесі болып табылады.

Ұлттық әдеби тіл – тілдік норма арқылы айқындалатын халық тілінің ең жоғарғы формасы, басты байлығы. Оның басты белгісіне нормальлық жатқызылады. Норма ұғымын анықтауда сөйлеу әрекетіне тікелей әсер ететін тіл жүйесінің ішкі факторларына, әлеуметтіклингвистика мен психологиялық заңдылықтарға сүйенетініміз белгілі. Осыған орай ғалымдардың норма туралы көзқарастары да әр түрлі болғаны белгілі.

Норма туралы ғалымдардың пікірлеріне талдау жасай келе негізінен үш түрлі көзқарастың болғанын аңғарамыз: 1) әлеуметтік (А.А.Шахматов, А.М.Пешковский, Д.Н.Ушаков, С.И.Ожегов, Б.Н.Головин); 2) лингвистикалық (Соссюр де Ф., [8], Э.Косериу, Л.Ельмслев, Ю.С.Степанов); 3) динамикалық (динамическая). Оны жақтаушылар – Г.О.Винокур, В.А.Ицкович, Л.И.Скворцов, К.С.Горбачевич [9], Ипполитова Н.А [10], Розенталь Д.Э.[11], Ицкович В.А. [12]. Нормаға алғаш анықтаманы А.М.Пешковскийдің еңбегінен байқаймыз. Ғалым норманы «литературно-языковой идеал» деп түсіндірді. Осыдан норманы ғалымдар лингвистикалық емес, әлеуметтік құбылыс деп қарауды дәстүрге айналдырды.

Мысалы, А.М.Пешковский «правильно то, что общепринято» [13, 5 б.] десе, кейбір ғалымдар оны тілдің дамуына қоғамның саналы түрде әсері, яғни «результат целенаправленной деятельности человека» [14, 157 б.] деп айқындады. Бұл пікірлерден норманың кодификацияға қатысы байқалады. С.И.Ожегов, Б.Н.Головин норманы тарихи дамудың жемісі ретінде, яғни норманы тілдің дамуындағы тарихи заңдылықтардың негізінде қарастыруды

ұсына отырып: «норма – правила, которые узаконены литературой, признаны обществом в качестве обязательных» деп айқындады [15, 3 б.].

**Талқылау.** Норманы лингвистикалық проблема ретінде зерттеген ғалымдар тіл мен сөздің бір-бірінен айырмашылықтарына сүйене отырып, норма мен жүйені бірге алып қарастырды. Мысалы, Э.Косериу: «норма – это система обязательных реализации, она соответствует не тому, что сказать, а тому, что уже сказано и по традиции говорится в рассматриваемом обществе и включает модели, исторически уже реализованные с помощью этой техники и по этим эталонам», – дейді [16, 175 б.]. Яғни ғалым осы пікірін «жүйе – норма – сөз» схемасымен береді. Бұдан ғалымның норма жүйеден алынып сөз арқылы іске асады, яғни сөз нормаға сай келеді деген пікірін аңғарамыз.

Алайда, тіл тәжірибесінде бұл жүйе үнемі сақталына бермейтіні белгілі. Осыған орай ғалым Ю.С.Степанов: «Все существующие реализации образуют уровень нормы. Те же реализации, которые самим обществом признаны как правильные, образуют норму в узком смысле слова, норму как правильную речь», – дейді [17, 169 б.]. Яғни ғалым қоғам тарапынан мақұлданған қолданыстар норманың деңгейін байқатады, олар сөздің дұрыстығын көрсетеді дейді. Ал норманы динамикалық аспектіде қарастырған ғалымдар, оны «результат взаимодействия языка и речи, системы и употребления, как что-то третье, принадлежащее факту языка и факту речи одновременно», – деп зерделеді [17].

Ғалымдар норманы динамикалық аспектіде түсіну үшін оны *жүйе*, *құрылым* және *қолданыс* ұғымдары арқылы айқындауға бет бұрды. Яғни норманың механизмін түсіну үшін аталған ұғымдардың табиғатын ашу қажет. Тілдік жүйе – тілде бар үлгілер мен типтердің жүйесі.

Тілдік құрылым – жүйенің іске асырылу мүмкіндігі. Норма құрылымға жататынның бәрін қабылдайды. Ал жүйе ұғымы - кең ұғым. Жүйеде нормаға жатпайтын тілдік қолданыстар (мысалы, *лездеме*) болуы әбден мүмкін. Бұл қолданыс тілдік жүйеге сай келгенімен, құрылымға және нормаға жатпайды. Жүйеде бар, бірақ қолданыста жоқ сөздер нормаға жатпайды. Мысалы, *қойшы*, *жылқышы* сөздерінің үлгісінде *лақшы* дей алмайтынымыз, ондай қолданыстың тіл тәжірибесінде болмағандығынан. Ал қолданыс ұғымы сөйлеу әрекетін және оның нәтижесін түгел қамтиды. Норма тек құрылымды ғана емес, қолданыстан шығып қалған, бірақ тілдік қолданыста болған, тілдің даму бағытына сай келетін және жаңа элементтердің жасалуына (жаңа мағынада) негіз болатындарды да қамтиды. Демек, сөз тілдік қолданыс үрдісінде норма арқылы жүйе және құрылыммен байланысады, яғни алдымен қолданыстағы факті, одан кейін нормаға айналып, соңында жүйе мен құрылымға енеді.

Норма тілдің жүйесі мен құрылымына негізделеді. «Тілдік жүйе дегеніміз тілде бар үлгілердің, қолданыс типтерінің белгілі бір тәртіппен келуі, ал тілдік құрылым дегеніміз осы жүйенің іске асқан материалдық мүмкіндіктері дей келіп ғалым Р.Сыздық: тілдік құрылым құлаққа естілетін, «отыз тістен шығатын» деректі ұғым атауы, ал тілдік жүйе сол «затты» жасап тұрған дерексіз ұғым атауы деуге болады», – деп нақтылай түседі [18, 6 б.].

Орыс тілінің зерттеушілері бұған қатысы бар үш мүмкіндікті атап көрсетеді: тілдің ішкі мүмкіншілігі, яғни жүйесі, екінші осы жүйенің материалдық көрінісі, үшінші – оның қолданысы. Алайда, тілдік жүйеге сай емес қолданыстардың да (ғалымдардың назарын аударып жүрген: *лездеме*, *жиырмасыншы* т.т. қолданыстар) жиі жұмсалып арқылы әдеби тіл белесіне көтеріліп жатқаны белгілі. Осыған орай ғалым Р.Сыздық тілдік норманың негізгі сипатын, механизмін ашуда: *тілдік жүйе – тілдік норма – узус* үштендерін бірлікте ала отырып, қолданыстың нормаға айналуында дағдының үлкен рөл атқаратындығын да аңғартады. Қазіргі лингвистика ғылымында норманың белгілерін ғалымдар әр түрлі атайды. Солардың ішінде: тілдік узус, оның тілдік жүйеге сәйкестігі және қоғамдық қолдауға ие болуына да ерекше мән беріледі. Узус ұғымын ғалымдар (Р.Сыздық, Н.Уәли) тілдік жүйеге қайшы келгенімен, тілдік дағдыға айналып кеткен қолданыстарды жатқызады. Демек, норма мен узусты ажырату керек. Яғни қолданыла келе дағдыға айналып кеткен тілдік жүйеге қайшы келетін қолданыстар узус болып табылады. Тілдік жүйеге қайшы болғанымен, тілімізде көптеген сөздер: *жиырмасыншы* (дұрысы – жиырманшы), *уақытысы* (дұрысы – уақыты), *куәгер* (дұрысы – куә), *аспазшы* (дұрысы – аспаз), *туылды* (дұрысы – туды) т.т. дағдыға айналып кеткені белгілі.

Ғылыми зерттеулерде норманы тілдік және тілдік емес деп бөлу де кездеседі. Тілдік норма тілдің қалыптасқан заңдылығы, жүйесі, яғни кодификацияланған норма болса, тілдік қарым қатынаста осы жүйені белгілі бір мақсатқа сәйкес бұзып қолдану да кездесетіні белгілі. Мұндай құбылысты ғалым Н.Уәли нормадан прагматикалық ауытқу деп атай отырып, оның бірнеше түрлерін ажыратады [19].

Атап айтқанда:

- 1) тілдік нормадан ауытқу;
- 2) мәтіндік нормадан ауытқу;
- 3) логикалық нормадан ауытқу;
- 4) онтологиялық нормадан ауытқу;
- 5) этологиялық нормадан ауытқу.

Тілдік нормадан ауытқуға грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, сөзжасамдық нормалардан ауытқуды жатқызады. Жекелеген сөздердің мағынасын бұзып қолдану, қайталаулар, ойдың түсініксіздігі логикалық нормалардан ауытқуға жатады. Онтологиялық нормадан ауытқуға тілдік ұжымның санасындағы ақиқат дүниенің тілдік бейнесін дәл бермеуді жатқызады. Этологиялық нормадан ауытқуға сипатталып отырған жағдаяттың нормасына персонаждың іс-әрекеті сәйкес болмайды. Нормадан бұл сияқты прагматикалық ауытқулардың болуының себебін ғалым тілді эсерлі, бейнелі, көркем жеткізудің амалы, тәсілі деп дәлелдейді. Прагматикалық мақсатта орфография мен орфоэпиялық нормадан ауытқуды ғалым «какоземия» деп атайды. Какоземия жазушының

немесе сөз қолданушының орфографиялық нормада жоқ қысқартуларды, жазба сөздің дыбыстық құрамына бөтен дыбыстық элементтерді қосып қолдануы. Мысалы, *қараге-е-м*. Бұл белгілі бір объектіге кейіпкердің, я болмаса өзінің субъективті көзқарасын айқын көрсетуі оқырман зейінін соған кідірту мақсатында қолданылатын риторикалық тәсілдің бірі болып саналады [19, 75 б.]. Мысалы:

– *Хо-ош, олай екен, ниетіңді ұқтық, ағайын. – Ә-ә-ә, әкемді алған құдай қайда жүр десем, сен екенсің зой! – деп божбан қара қынаптағы қылышқа шап берді* (Ж.Тұрлыбаев).

Прагматикалық мақсаттағы ауытқудағы риторикалық тәсілдің бір түрі – анадиплозис. Микромәтінде, айтылымда бір сөздің, я болмаса түбірлес сөздің іліктесе қайталанып отыруы арқылы автор оқырман назарын бөгеп, кідіртіп отырады. Мұнда бірінші айтылымдағы сөз екіншісінде ілік-шатғыс қайталанып отырады дей келіп, Н.Уәли мынадай мысал келтіреді: *жүрек отсыз, тілек тілсіз, тіл тілексіз, ұсқыны тұзу бір ой солдаттың басынан орын таба алатын емес* (Ф.Мүсірепов). Сонымен қатар ғалым риторикалық тәсілдің: диафора және антиэллипсис түрлерін де атап көрсетеді.

Диафора дегеніміз – бір сөзді бір мәтінде не сөйлем ішінде әр түрлі мағынада қолдану. Мысалы, «Біреу қыз алып қашса, біреу босқа қашады» деген мақалдағы «қашу» сөзінің екінші қолданыстағы мағынасы «сенделіс, босқа далбасалау» дегенді білдіріп тұр. Ал антиэллипсис сөзді не қосымшаны басы артық мөлшер, межеден көбірек қайталау, ықшам етіп сиыстыруға болатын бірліктерді керісінше, күрделендіріп жұмсау арқылы оқырман назарын кідіртудің риторикалық бір тәсілі ретінде көрінеді. Мысалы:

- *Егін көріп қайтайын деп шығып ем, өздеріңізге жол болсын.*

- *Жолдамақ сізден болыңқыраса, сізді ұстауға шығыңқырап ек, неттесеңіз ұстаңқырап едік ... – деді бір қу милиция* (Ф.Мүсірепов).

Бұл қолданыста – *ыңқыра* қосымшасы оқырман назарын кідірту үшін жұмсалып тұр. Тілдік нормадан прагматикалық ауытқудың түрлерін, оның мақсатын білу келешек маман үшін өте қажет. Сондықтан практикалық сабақтарда бұл үрдіс ескеріліп отырады. Норманың табиғатына қатысты тағы бір көңіл қоятын мәселе оның қатаң және босаң түрлерінің болуы. Тілдік норма алдымен тілдік жүйемен байланысты қарастырылатыны белгілі. Демек, қатаң норма тіл жүйесімен бұлжымас бірлікте болады. Яғни қатаң норма дегеніміз – тіл тәжірибесінде сыннан өтіп, жұртшылық таныған норма. Ал кей жағдайда тілдегі сан алуан варианттарды талғап-таңдауда аса қатаң талап қойыла бермейді. Ондай варианттардың қай түрін қолдану сөйлеушінің еркінде болады. Мысалы, айғай-айқай, тыңдады-тыңлады, ақшадай-ақшалай т.т. Бұндай қолданыстар босаң норма деп аталады.

**Қорытынды.** Мемлекеттік мәртебе алып отырған ана тіліміздің өз байлығы мен мүмкіндігіне сай қолданылуы, сол қалпында ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілуі оны қолданушылардың, оның ішінде келешегіміз - жас ұрпақтың еншісінде.

Абай атамның: «Сөзіне қарап кісіні ал» деген тұжырымының маңызы өте зор. Өйткені тілің, сөзің сенің рухани байлығыңды, сөз мәдениетіңді, яғни өз мәдениетіңді байқатады. Сондықтан сөз мәдениетіне, тілдің қай саласында болмасын, үлкен мән берілуі тиіс. Өйткені: сөз мәдениеті, ең алдымен, әдеби норма дегенге тікелей қатысты. Жалпы тіл білімінде біршама қалыптасқан тұжырымдарға талдау жасағанда тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік нормаларды, оның ішінде әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау әрекеті болып табылады. Кейбір зерттеушілер бұл салаға кеңірек міндет артып, тілдің көріктеу құралдарын, яғни стилистикалық заңдылықтарды дұрыс пайдалануды да сөз мәдениетінің объектісі деп таниды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 184 б.
- 2 Львов М.Р. Основы теории речи. Учебное пособие для студентов. М.: Изд. Центр «Академия», 1995. - 248 с.
- 3 Қазақ тілінің орфографиялық анықтағышы. – Алматы: Арыс, 2004. – 200 б.
- 4 Головин Б.Н. Введение в языкознание. 2-ое издание. – М.: 1978. – 332 с.
- 5 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: РБК, 1986. – 214 б.
- 6 Винокур Г.О. Культура языка. – М.: 1929. – 340 с.
- 7 Словарь по этике. – М.: 1981. – 430 с.
- 8 Соссюр Де Ф. Труды по языкознанию. - М.: Прогресс, 1977. - 686с
- Горбачевич К.. Нормы современного русского литературного языка. - М.: Просвещение, 1989
- 9 Ипполитова Н.А. Русский язык и культура речи. - М.: Проспект, 2006. - 344с
- 10 Розенталь Д.Э. Культура речи. - М.: МГУ. 1964
- 11 Ицкович В.А. Норма и ее кодификация. - М.: Наука, 1970. - с 40-104
- 12 Пешковский А.М. Избранные труды. – М.: Учпедгиз, 1959. – 252 с.
- 13 Головин Б.Н. Как говорить правильно: Заметки о культуре речи. – М.: Высшая школа, 1988. – 159 с.
- 14 Головин Б.Н. Основы культуры речи. 2-е изд. – М.: 1988. – 263 с.
- 15 Косериу Э. Синхрония, диахрония и история //Новое в лингвистике. Вып.111. – М.: Иностранная литература, 1963. – С.143-343.
- 16 Алексеев П.М. Квантитативные аспекты речевой деятельности //Языковая норма и статистика. – М.: Наука, 1977. – С. 43-58.
- 17 Степанов Ю.С. Основы языкознания. – М.: Просвещение, 1966. – 271 с. Скворцов Л.И. Норма. Литературный язык. Культура речи //Актуальные проблемы культуры речи. – М.: Наука, 1970. – С.40-104.

18 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 230 б.

19 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... диссер. – Алматы, 2007. – 296 б.

Reference:

1. Balaqaeв M. *Qazaq әдеби тили және оның normalary.* – Алматы: Ғылым, 1984. – 184 б.
2. Lvov M.R. *Osnovy teorii rechi. Uchebnoe posobie dlä studentov.* M.: Izd. Sentr «Akademia», 1995. - 248 s.
3. *Qazaq tiliniñ orfoepialyq anyqtaғыsy.* – Алматы: Arys, 2004. – 200 б.
4. Golovin B.N. *Vvedenie v iazykoznanie. 2-oe izdanie.* – M.: 1978. – 332 с.
5. İsaev S. *Qazaq әдеби tiliniñ tarihy.* – Алматы: RBK, 1986. – 214 б
6. Vinokur G.O. *Kültura iazyka.* – M.: 1929. – 340 s
7. *Slovär po etike.* – M.: 1981. – 430 s
8. Sossür De F. *Trudy po iazykoznaniiu.* - M.: Progres, 1977. - 686s Gorbachevich K.. *Normy sovremennogo ruskogo literaturnogo iazyka.* - M.: Prosveşenie, 1989
9. İppolitova N.A. *Ruski iazyk i kültura rechi.* - M.: Prospekt, 2006. - 344s
10. Rozentäl D.E. *Kültura rechi.* - M.: MGU. 1964
11. İskovich V.A. *Norma i ee kodifikasija.* - M.: Nauka, 1970. - s 40-104
12. Peşkovski A.M. *İzbrannye trudy.* – M.: Uchpedgiz, 1959. – 252 s.
13. Golovin B.N. *Kak govorit pravilno: Zametki o külture rechi.* – M.: Vyssiaia şkola, 1988. – 159 s.
14. Golovin B.N. *Osnovy kültury rechi. 2-e izd.* – M.: 1988. – 263 s.
15. Koseriu E. *Sinhronia, diahronia i istoria //Novoe v lingvistike. Vyp.111.* – M.: İnostrannaia literatura, 1963. – S.143-343.
16. Alekseev P.M. *Kvantitativnye aspekty rechevoi deiatelnosti //İazykovaia norma i statistika.* – M.: Nauka, 1977. – S. 43-58.
17. Stepanov İu.S. *Osnovy iazykoznanija.* – M.: Prosveşenie, 1966. – 271 s. Skvorsov L.İ. *Norma. Literaturnyi iazyk. Kültura rechi //Aktuälnye problemy kültury rechi.* – M.: Nauka, 1970. – S.40-104.
18. Syzdyq R. *Tildik norma және оның қалыптануы.* – Алматы: Ғылым, 2001. – 230 б.
19. Uәli N. *Qazaq söz мәдениетiniñ teorialyq negizderi: filol. ғыл. doкт. ... diser.* – Алматы, 2007. – 296 б.

MPHTI 16.21.51

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.03>

Aldasheva A.,<sup>1</sup> Ordabayev Ch.,<sup>2</sup> Nabidullin A.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>al-Farabi Kazakh National University,  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2,3</sup>Abai Kazakh National University,  
Almaty, Kazakhstan

## GRAMMATICAL CATEGORIES IN MODERN ENGLISH

### Abstract

There is no doubt that English is the most important communication tool in the modern world. Everyone uses it. From children to scientists and politicians. It is a language of business, education and communication between different nations of the world. This high usage and diversity of people using it undoubtedly led to its simplification and other changes in all aspects, including grammatical structures. Language is like a living organism. It does not remain unchanged; on the contrary, it shifts and develops over time. Modern English is very different from the language Brits used centuries ago. It is not even the same language it was ten years ago. In order to be a successful communicator you need to know and adjust to these changes. This article is dedicated to research about grammatical structures of Modern English of 21<sup>st</sup> century.

**Keywords:** Modern English, Grammatical structures, English Tenses, language peculiarities, Foreign language teaching, English variations

Алдашева Қ.С.,<sup>1</sup> Ордабаев Ч.К.,<sup>2</sup> Набидуллин А.С.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы, Қазақстан

<sup>2,3</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан